ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 03 қыркүйек іс № 5501-24-00-2/2480 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Павлодар қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Керей Айкен Төребекқызы «Айкен» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
Тұрақсыз айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

«Павлодар қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Керей Айкен Төребекқызы «Айкен» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіру туралы арызы қанағаттандырылсын.

Керей Айкен Төребекқызы «Айкен» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Керей Айкен Төребекқызы «Айкен» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 2515 (екі мың бес жүз он бес) тенге тұрақсыз айыбы және төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1921 (бір мың тоғыз жүз жиырма бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Слэм**

Құжатқа қол қойылған: Слэм А. С., 03.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.10.2024, судья Слэм А. С., 11.10.2024

5501-24-3-1/2714